

1. Осы Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің жұмыс режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң)

сәйкес әзірленген және орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру кезінде тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі субъектілерінің өзара әрекеттерінің тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Заңға сәйкес қолданылады.

## **2. Орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру тәртібі**

3. Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін жедел-диспетчерлік басқаруды (бұдан әрі — ЖДБ) ұлттық оператор жүзеге асырады.

4. Орталықтандырылған ЖДБ-ны жүзеге асыру кезінде ұлттық оператордың газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

5. ЖДБ мақсатында газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарында тиісті диспетчерлік қызметтер қолданылады.

6. Газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметтері ұлттық оператор белгілейтін тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін пайдалану технологиялық режимдерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін технологиялық интеграциялау мақсатында өлшеу торабындағы техникалық талаптар (қысым, температура, сапалық сипаттама, газ шығысы) шеңберінде шығатын технологиялық өлшемдерді реттеу орнатылады.

### **7. ЖДБ-ның негізгі міндеттері:**

1) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің жұмысын тәулік бойы Ж Д Б ж ә н е ү й л е с т і р у ;

2) газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметтері арқылы Қазақстан Республикасының тұтынушыларын тауарлық газбен ж а б д ы қ т а у д ы б а с қ а р у ;

3) жасалған тауарлық газды тасымалдау шарттарына сәйкес тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің жұмыс режимдерін әзірлеу және олардың о р ы н д а л у ы н б а қ ы л а у ;

4) өлшеу тораптарында және газ тарату станцияларында газды өлшеу кешендерінің жұмысын бақылау, сондай-ақ газ тарату жүйелері бойынша тауарлық газ балансын талдау және бақылау.

8. Компрессорлық станцияларда (бұдан әрі - КС), газ тарату станциялары, жерасты газ қоймалары (бұдан әрі - ЖГҚ), газ өлшеу станциялары (бұдан әрі - ГӨС) мен магистральдық газ құбырларының желілік бөлігі жабдықтарының жұмыс режимін жедел басқаруды және негізгі параметрлерін бақылауды тиісті диспетчерлік қызметтің диспетчері (ауысым инженері) жүзеге асырады.

Басқаруды қажетті байланыс құралдарымен, телесигнализациямен, телебасқарумен, электронды-есептеу және ақпараттық техникамен және жедел техникалық құжаттамамен жаракталған бірыңғай диспетчерлік пункт жүзеге асырады.

9. Тиісті диспетчерлік қызмет диспетчерінің (ауысым инженерінің) жедел бағынысында жабдықтардың жұмыс режимін, оның ішінде жабдықтарды, сондай-ақ газ құбырының учаскелерін, шлейфтерді, ЖГҚ ұңғымаларын қосу мен тоқтатуды және бекітпе арматурасын ауыстырып - қосудың салдарын тікелей басқаруды жүзеге асыратын персонал болады.

10. Барлық газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарында, олардың филиалдарында және/немесе бөлімшелерінде диспетчерлік режимді енгізу Астананың уақыт белдеуі бойынша тәулік бойы жүзеге асырылады.

11. Диспетчерлік қызметтердегі уақыттың көрсетілуі тауарлық газбен жабдықтау бірыңғай жүйесінің барлық объектілері үшін бірдей болуға тиіс.

12. Ауысым персоналының ауысымды қабылдау-табыстауы журналға жазумен ресімделеді.

13. Жабдықтарды ауыстырып-қосу, қосу және тоқтату кезінде, авариялық жағдайларда ауысымды қабылдау-табыстауға жол берілмейді.

14. Авариялық жағдайлар туындаған жағдайда келіп жеткен ауысым газ тасымалдау және газ тарату ұйымдары басшылығының қалауы бойынша оларды жоюға қатысады.

15. Газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметтері гидрометеорологиялық қызмет органдарынан мынадай деректерді тұрақты түрде алып отырады:

1) метеорологиялық мәліметтер (температура және ауаның ылғалдылығы, жауын-шашын мөлшері, желдің күші мен бағыты, көктайғақтың пайда болуы, дауылды және нажағайды ескерту);

2) КС мен оларға шектес жатқан учаскелерді пайдалануға қажетті гидрогеологиялық және метеорологиялық болжамдар.

### **3. Ұлттық оператордың орталықтандырылған ЖДБ-ны жүзеге асыру кезіндегі функциялары**

16. Ұлттық оператор орталықтандырылған ЖДБ-ны жүзеге асыру кезінде мынадай функцияларды орындайды:

1) газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметтері арқылы тауарлық газбен жабдықтау бірыңғай жүйелері объектілерінің жұмыс режимдерін басқаруды қамтамасыз етеді;

2) қысқы кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша тауарлық газбен

жабдықтаудың бірыңғай жүйесіндегі ақаулықтардың туындау тәуекелі жоғары объектілерді талдау мен анықтауды жүзеге асырады;

3) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің ақаулық туындау тәуекелдерін жою жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

4) жеке мұқтаждарға және шығындарға (бұдан әрі - ЖМжШ) тауарлық газдың шығысын ескере отырып, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне тауарлық газдың түсуі мен оны тұтынушыларға таратудың жалпы балансын ж а с а й д ы ;

5) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіндегі газды есепке алудың шынайылығын қамтамасыз етеді;

6) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілеріндегі тауарлық газды есепке алу жөніндегі деректердің сәйкес келмеу себептеріне жүйелі түрде талдау жүргізеді және газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарына тауарлық газды есепке алу дәлдігін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуді жүзеге асырады;

7) тауарлық газды есепке алу мен химиялық талдау бойынша жаңа техниканы енгізу жөніндегі іс-шараларға қатысады;

8) тауарлық газдың тәуліктік жұмсалуды есептеу және газ тасымалдау жүйесі (бұдан әрі - ГТЖ) бойынша тауарлық газдың өтуін талдау жөніндегі бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуге қатысады;

9) тасымалдауға қабылданатын және тасымалданатын тауарлық газдың сапалық параметрлерінің Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен ұлттық стандарттарына сәйкестігін жүйелі түрде бақылауды қамтамасыз е т е д і ;

10) шектес мемлекеттердің газ тасымалдау жүйелерімен тауарлық газды тасымалдау режимдерінің орнықтылығын басқару және қамтамасыз ету жөніндегі өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

11) тауарлық газды тасымалдаудың перспективалық және қысқа мерзімді жоспарларын (кестелерін) жасауға қатысады;

12) газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметтерімен бірлесіп, отын-энергетикалық ресурстардың ең аз шығындары кезінде тауарлық газды тасымалдау жөніндегі жоспарлардың орындалуына ы қ п а л е т е д і ;

13) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі бойынша тауарлық газды ЖТҚ-дан тауарлық газды айдау мен іріктеу деңгейін қамтамасыз ететін тауарлық газды тасымалдау схемасын әзірлейді;

14) іс жүзіндегі режимдердің берілгенінен ауытқу себептерін талдайды, әрбір ГТЖ бойынша және тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы бойынша жұмыс режимін оңтайландыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

15) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің оңтайлы

жұмыс режимдері кезінде тауарлық газдың берілген ағындарын қамтамасыз етеді ;

16) тәулік сайын газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының ЖМжШ-ге шығысын ескере отырып, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіне тауарлық газдың түсуі мен оны тұтынушыларға таратудың баланстарын жасайды ;

17) диспетчерлік қызметтермен бірлесіп, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйелері объектілеріндегі жоспарлы-алдын ала жөндеу жұмыстарының біріктірілген кестелерін әзірлейді;

18) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін дамыту жөніндегі, оның ішінде оның жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған жобалар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысады;

19) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесіндегі тауарлық газды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін КӨРУ мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.**

#### **4. Газ тасымалдау және газ тарату ұйымдары диспетчерлік қызметтерінің функциялары**

17. Газ тасымалдау және газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметтері мынадай функцияларды орындайды:

1) ұлттық оператормен бірлесіп, тауарлық газды тасымалдау және сақтау жөніндегі жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) өз жауапкершілігінің шегінде магистральдық газ құбырларының немесе газ тарату жүйелерінің жұмыс режимін жедел басқаруды қамтамасыз етеді;

3) ұлттық операторға газ құбырлары конфигурациясының (жаңа қуаттарды іске қосу, учаскелерді жөндеуге шығару және т.б.) және дерекқорды уақтылы түзету үшін шектеулі параметрлердің өзгерістері туралы ақпаратты жолдайды;

4) ұлттық операторды хабардар ете отырып, егер бұл тауарлық газды тасымалдау режимінің бұзылуына алып келетін болса, жабдықтар мен құрылыстарды тексеру, жөндеу, реконструкциялау және сынау үшін жұмыстан шығаруды келіседі ;

5) авариялар туындаған кезде газ құбырлары желілік бөлігінің бекітпе арматурасын ауыстырып қосуды қамтамасыз етеді;

6) магистральдық газ құбырлары мен газ тарату жүйелерінің желілік бөлігіндегі қысымдарды бақылау үшін өлшеуді қамтамасыз етеді;

7) гидравликалық тиімділігін талдауды орындайды және тазарту

құрылғыларының өткізуін немесе метанол құюды қамтамасыз етеді;

8) аварияларды жою процесін жедел бақылауды қамтамасыз етеді;

9) тоқсандар мен айлар бойынша газ тұтынудың біркелкі еместігі жөніндегі деректерді қалыптастырады;

10) газ құбырларының конфигурациясы жөніндегі дереккорды жүргізеді және үнемі нақтылап отырады.

18. Газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымы диспетчерлік қызметінің диспетчері (ауысым инженері) мынадай функцияларды орындайды:

1) магистральдық газ құбырларының жабдықтары мен желілік бөлігінің жол берілетінінен асып кететін параметрлермен жұмысын болдырмайды;

2) газ құбырлары мен тарамдары учаскелерінің гидравликалық тиімділігін бақылайды;

3) КС, ГТС, ЖГҚ жабдықтарының және магистральдық газ құбырлары немесе газ тарату жүйелері желілік бөлігінің жұмыс жағдайын таңдайды;

4) тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің белгіленген жұмыс режимін сақтау жөнінде қажетті шаралар қабылдайды;

5) ұлттық операторға газ құбырларының, КС мен газ тарату станцияларының жұмыс режимінің өзгергені туралы хабарлайды.

## **5. Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің жұмыс режимі**

19. Қазақстанның тауарлық газбен жабдықтау бірыңғай жүйесінің әрбір объектісі үшін қызметкерлердің ЖМЖШ-ға газ жұмсау нормаларын сақтау жөніндегі лауазымдық өкілеттіктерін және шығындалатын газ бен отын газын есепке алу шынайылығын көрсете отырып, ЖМЖШ-ға пайдаланылатын тауарлық газды үнемдеу жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

20. ЖДБ-ның әрбір деңгейі үшін ГӨС-тегі, өлшеу тораптарындағы және ЖДБ деңгейлері арасындағы газ көлемдері жөніндегі деректерді беру жүйесіндегі газды есепке алу шынайылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар әзірленеді.

21. Магистральдық газ құбырының жұмыс режимі тауарлық газды тасымалдау және тарату жоспарларымен, газ өңдеу зауыттарының, ЖГҚ-ның жұмысымен, қолданыстағы және дамушы газ тасымалдау жүйелерінің техникалық жай-күйімен, ұлттық оператордың және газ тасымалдау және газ тарату ұйымдары диспетчерлік қызметтерінің жұмысымен айқындалады.

22. Магистральдық газ құбырлары мен олардың нақты учаскелерінің жұмыс режимі жабдықтар мен желілік бөлік жұмысының жұмыс параметрлерінің техникалық белгіленген шектеулерін ескере отырып есептеледі және бақыланады.

23. Технологиялық режим тауарлық газды айдаудың талап етілетін өнімділігімен, неғұрлым аз пайдалану шығындарымен, сондай-ақ газ құбырларының қауіпсіз және авариясыз пайдаланылуымен қамтамасыз етілуге т и і с .

24. Магистральдық газ құбырларының жұмыс режимін әзірлеу кезінде газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымдарының диспетчерлік қызметі оның техникалық жай-күйі мен жұмыс режимінің кестесін (жылдық, тоқсандық, айлық ) ескере отырып, гидравликалық есептеуді жүзеге асырады.

25. Есептеуден іс жүзіндегі режим ауытқыған жағдайда диспетчерлік қызмет есептеу режимін қалпына келтіру үшін шаралар қабылдайды.

26. Магистральдық газ құбырының және газ тарату жүйесінің желілік бөлігі оңтайлы режимдерде пайдаланылады не іс жүзіндегі техникалық жағдайды және пайдалану шарттарын ескере отырып тағайындалатын тауарлық газдың қысымдары мен температуралары бойынша шектеулерді ескеріп, өңірлердегі газ тасымалдау немесе газ тарату ұйымының диспетчерлік қызметі қолдау жасайды.

27. Рұқсат етілген жұмыс қысымының шектеулерін ішінара және толық алып тастау газ құбырлары учаскелерінің сенімді пайдаланылуын қамтамасыз ететін іс-шаралар орындалғаннан кейін жүзеге асырылады.

28. КС аумағында сыртқы ауаның температурасы мен барометриялық қысымды мерзімді (тәулігіне 4 рет) өлшеу және тіркеу қамтамасыз етіледі.

29. Диспетчерлік қызметтің диспетчері (ауысым инженері) магистральдық газ құбырлары желілік бөлігінің, телемеханика және басқа да құралдар мен бөлімшелер шекарасында және іргелес жатқан сабақтас учаскелердегі тәсілдерді қолдана отырып, газ тарату станцияларына тарамдардың жұмыс параметрлері мен гидравликалық тиімділігін бақылауды жүзеге асырады.

30. Талдау нәтижелері бойынша диспетчерлік қызметтің диспетчері (ауысым инженері) газ құбырының, метанол және т.б. құю тиімділігін арттыру шараларын қ а б ы л д а й д ы .

31. Магистральдық газ құбырлары бойынша айдаудың технологиялық режимімен мынадай негізгі параметрдердің мәні беріледі:

- 1) газ құбырының өнімділігі;
- 2) газ құбырының конфигурациясы;
- 3) әрбір КС-дағы жұмыс істеп тұрған магистральдық газ айдау агрегаттарының саны және олардың өнімділігі;
- 4) әрбір газ тарату станциясы Мен ЖГҚ-дағы қысымды қабылдаудағы, реттеуге дейінгі және одан кейінгі жұмыс қысымы;
- 5) айдаудың барынша рұқсат етілген жұмыс қысымы;
- 6) КС-ға, газ тарату станциясына және ЖГҚ-ға кіреберістегі газ құбырының

желілік бөлігі үшін барынша рұқсат етілген және ең аз жол берілетін жұмыс қысымы ;

7) газ құбырына айдалатын тауарлық газдың неғұрлым жоғары және неғұрлым темен температурасы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК